

## Өлшеу құралдары болып табылатын медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 қарашадағы N 765 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 26 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5891 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-260/2020 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.12.2020 № ҚР ДСМ-260/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.04.2019 № ҚР ДСМ-44 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 82-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Өлшеу құралдары болып табылатын медициналық бұйымдардың тізбесі бекітілсін

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.04.2019 № ҚР ДСМ-44 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметін бақылау комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

3. Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі Е.А. Біртановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және сауда  
министрінің міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ Т. Жақсылықов  
2009 жылғы 25 қараша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2009 жылғы 24 қарашадағы  
N 765 бұйрығымен бекітілген

## Өлшеу құралдары болып табылатын медициналық бұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.04.2019 № ҚР ДСМ-44 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| р/<br>с<br>№ | Медициналық бұйымның атауы                                                                                                                                                                                                                                             |
|--------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.           | Көз торшасы қалыңдығын талдағыш                                                                                                                                                                                                                                        |
| 2.           | Электролитті, қан электролиттерін талдағыш                                                                                                                                                                                                                             |
| 3.           | Аудиометрлер, диагностикалық аудиометр, импедансты аудиометр, туындаған әлеуеттерді тіркеудің клиникалық, аудиометриялық модулі                                                                                                                                        |
| 4.           | Медициналық динамометр                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 5.           | Антропометриялық өлшеуіш                                                                                                                                                                                                                                               |
| 6.           | Электроэнцефалограф, цифрлы электроэнцефалография жүйесі электроэнцефалографиялық аппаратты-бағдарламалық кешен, электроэнцефалограф-талдағыш, компьютерлендірілген тіркеуіш, портативный, телеметриялық және автоматты режимдегі алып жүретін ЭЭГ-ны тәуліктік тіркеу |
| 7.           | Кардиомонитор, кереует жанындағы кардиомонитор, компьютерлі электрокардиоанализатор, телеметриялық электрокардиограф (телефон желісі немесе радиоарна бойынша дыбыс бергішімен)                                                                                        |
| 8.           | Бір және көп арналы электрокардиограф, электрокардиографиялық кешен, оның ішінде жүктемелі сынамаға арналған аппаратты-бағдарлама, ЭКГ алып жүретін тіркеуіштер                                                                                                        |
| 9.           | Реограф, қан айналымы параметрлерін кешенді зерттеуге арналған аппаратты-бағдарламалық реографиялық кешен, реоплетизмограф, реоэнцефалограф                                                                                                                            |
| 10.          | Фотоплетизмограф                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 11.          | Фонокардиограф                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 12.          | Электромиограф, нейромиограф және алынған ми әлеуеті электромиография/өлшеуіш жүйесі, нейромиоталдағыш                                                                                                                                                                 |
| 13.          | Дозиметр, клиникалық дозиметр                                                                                                                                                                                                                                          |
| 14.          | Электроретиноталдағыш - компьютерлендірілген диагностикалық кешені                                                                                                                                                                                                     |
|              |                                                                                                                                                                                                                                                                        |

|    |                                                                                                                                                                                                                  |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 15 | Бірқатар физиологиялық параметрлерді бақылауға арналған реанимациялық және анестезиологиялық монитор                                                                                                             |
| 16 | Артериалдық қан қысымын және тәуліктік тамыр соғу жиілігін, оның ішінде өзімен бірге жүретін, автоматты өлшеу мониторы, компьютерлеген                                                                           |
| 17 | Пульсоксиметр                                                                                                                                                                                                    |
| 18 | Сынама көзілдірік линзалары жиынтығы                                                                                                                                                                             |
| 19 | Спирограф, шағын процессорлы портативті спирограф, спирографиялық кешені, волютометр, оксикарбоспирограф, оксиспирограф                                                                                          |
| 20 | Пневмотахограф                                                                                                                                                                                                   |
| 21 | Медициналық термометрлер                                                                                                                                                                                         |
| 22 | Артериалдық қан қысымын өлшеуге арналған, оның ішінде артериалдық қан қысымын, тамыр соғысын және артериалдық қан қысымын тәуліктік мониторлауды өлшеуге арналған жартылай автоматты, автоматты, сандық тонометр |
| 23 | Өкпені жасанды желдету аппараты                                                                                                                                                                                  |
| 24 | Жаңа туғандарға арналған инкубаторлар                                                                                                                                                                            |
| 25 | Төменгі жиілікті терапия аппараттары, аппараты ультражоғары жиілікті терапия аппараты, ультрадыбысты терапия аппараты                                                                                            |
| 26 | Ультрадыбысты диагностикалық аппараттар (сканерлер) (УДҚ-аппараты)                                                                                                                                               |
| 27 | Планшетті имуноферментті талдағыш                                                                                                                                                                                |
| 28 | Биохимиялық талдағыштар                                                                                                                                                                                          |
| 29 | Шығаратын ауаны газды талдағыш                                                                                                                                                                                   |
| 30 | Колориметриялық және фотометриялық медициналық аспаптар                                                                                                                                                          |
| 31 | Медициналық поляриметр                                                                                                                                                                                           |
| 32 | Медициналық нефелометр                                                                                                                                                                                           |
| 33 | Люминометр және хемилюминометр                                                                                                                                                                                   |
| 34 | Вискозиметр                                                                                                                                                                                                      |
| 35 | Гемоглобинометр                                                                                                                                                                                                  |
| 36 | Еккішті сорғы, инфузды еккіш сорғы, волютометр еккіш сорғы                                                                                                                                                       |
| 37 | Медициналық тараздар                                                                                                                                                                                             |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК